

Қазақстан Республикасының стандарттау, сертификаттау және өлшем бірлігі жөніндегі мемлекеттік жүйесін дамыту бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 10 маусым 1993 ж. N 494. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.11.23. N 1156 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 18 қаңтардағы "Стандарттау және сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" N 1887-ХІІ және "Өлшем бірлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" N 1895-ХІІ қаулыларын орындай отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді :

1. Қазақстан Республикасындағы стандарттаудың мемлекеттік жүйесін дамыту бағдарламасы (N 1 қосымша);

Қазақстан Республикасындағы сертификаттаудың мемлекеттік жүйесін дамыту бағдарламасы (N 2 қосымша);

Қазақстан Республикасындағы өлшем бірлігінің мемлекеттік жүйесін дамыту бағдарламасы (N 3 қосымша) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жыл сайын республика мемлекеттік бюджетінің жобасында аталған бағдарламаларды жүзеге асыруды қаржыландыруды қарастыратын болсын.

3. Бағдарламалардың міндеттерін орындауға қатысатын министрліктер, ведомстволар мен шаруашылық жүргізуші субъектілер Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқармасына жыл қорытындысы бойынша олардың орындалуы туралы есеп жіберіп отырсын.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі Бас басқармасы бағдарламалар бойынша жұмыстарды үйлестіруді қамтамасыз етсін және жыл сайын 1 тоқсанда олардың орындалуы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне беріп тұрсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 10 маусымдағы

№ 494 қаулысына

№ 1 қосымша

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік
стандарттау жүйесін дамыту
Бағдарламасы**

(Кесте)

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 10 маусымдағы
№ 494 қаулысына

№ 2 қосымша

**Қазақстан Республикасында мемлекеттік
сертификаттау жүйесін дамыту
Бағдарламасы**

(Кесте)

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 10 маусымдағы
№ 494 қаулысына

№ 3 қосымша

**Қазақстан Республикасында өлшем бірлігінің
мемлекеттік жүйесін дамыту
Бағдарламасы
(Кесте)**